«Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ



Пән: Сәулет заңнамасы және нормалау
6В07301 «Сәулет» мамандығына арналған

Дәріс 10 Тақырып: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік басқару. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар.

ӘГҒ кафедрасының з.ғ.м., аға оқытушы Абдрахманова А.А.

Қарағанды 2026 ж.

Дәріс жоспары:

1. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік басқару.
2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік басқару органдары

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті реттеуді, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік басқару органдарына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметімен байланысты мәселелер бойынша өздерінің арнайы өкілеттіктері шегінде әрекет ететін басқа да орталық атқарушы органдар;

5) Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдары.





Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

Орталық атқарушы органдарға өңіраралық аумақтық даму схемаларын әзірлеуді тапсырады;

Өңіраралық аумақтық даму схемаларын бекітеді;

Өңіраралық аумақтық даму схемаларын әзірлеу және келісу қағидаларын бекітеді;

Орталық атқарушы органдарға Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың бас схемасын кешенді түрде әзірлеуді тапсырады, оны бекітеді және негізгі ережелерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді. Оған қоныстандыру және өндіргіш күштерді орналастыру жүйесі, республикалық маңызы бар қала құрылысы регламенттері, өндірістік, әлеуметтік, рекреациялық, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту схемалары мен жобалары, сондай-ақ республикалық және өңіраралық маңызы бар қала құрылысы реттелетін ерекше аумақтар мен объектілер кіреді;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында Қазақстан Республикасының әлеуетін басымдықпен пайдалану туралы заңнамалық актілер талаптарының орындалуын бақылайды;

Республикалық және өңіраралық маңызы бар қала құрылысы ерекше реттелетін аумақтар мен объектілердің шекараларын белгілейді;

Жалпы мемлекеттік және мемлекетаралық маңызы бар объектілерді жобалау және салу туралы шешімдер қабылдайды;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер шығарады;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және есептік халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын (негізгі ережелерін қоса алғанда), сондай-ақ жалпы мемлекеттік, мемлекетаралық немесе өңіраралық маңызы бар өзге де қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасын және оларға енгізілетін өзгерістерді бекітеді. Халықаралық мамандандырылған көрме объектілеріне қатысты сәулет-құрылыс құжаттамасы бұған кірмейді;

Қазақстан Республикасының шетелдегі объектілері мен кешендерін салу (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жобаларын іске асыру тәртібін айқындайды;

Әкімшілік ғимараттарда мемлекеттік органдардың атауы жазылған маңдайшаларды дайындау және орналастыру қағидаларын бекітеді;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

1) Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді және әдістемелік басшылық жасайды;

3) Мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен салынатын объектілер құрылысының бағасын белгілеу және экономикасы бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады;

4) Өңіраралық аумақтық даму схемаларын әзірлейді және келіседі;

5) Құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормалар бойынша нормативтік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

6) Мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен салынатын объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;





7) Мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер құрылысына арналған жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) Мемлекеттік инвестициялар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер құрылысына арналған жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының Бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастырады;

9) Құрылыстағы жаңа технологиялардың Бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастырады, жүргізеді және жүйелі түрде жаңартып отырады;

10) Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11) Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, есептік халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамасына кешенді қала құрылысы сараптамасының жүргізілуін ұйымдастырады;



12) Жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізуге басшылық жасайды;

13) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтер көрсететін сарапшыларды аттестаттау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

14) Кешенді ведомстводан тыс және қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін сараптамалық комиссияларды (сараптамалық топтарды) құру және мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
15) Қала құрылысы және құрылыс жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама) бойынша сараптамалық қорытындыларды ресімдеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
16) Сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) Жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттамаға кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу қағидаларын қаржыландыру көздеріне қарамастан әзірлейді және бекітеді;

18) Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен салынатын объектілердің жобаларын (техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту тәртібін айқындайды;



19) Аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізілімін жүргізеді;

20) Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21) Құрылыс объектілерінің жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттейді;

22) Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілеріне мекенжай беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23) Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентін талап ететін жекелеген объектілердің құрылыс жобалау-сметалық құжаттамасын кезең-кезеңімен әзірлеу және келісу жөніндегі жеке жоспарларды бекітеді;

24) Құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыруға арналған портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

25) Құрылыс жұмыстарын «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыруға арналған портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның құзыреттерінің толық тізбесі Қазақстан Республикасының «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 20-бабында көрсетілген.

ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА
XX ЖЫЛ

есептік халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарының жобасын (негізгі ережелерін қоса алғанда) мақұлдайды;

аумақтарды абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды және инженерлік коммуникацияларды сақтау мен күтіп ұстау қағидаларын бекітеді;

Облыстық мәслихаттардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті

облыс әкімдігі ұсынған ведомстволық бағыныстағы әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандарды жоспарлау жобаларын) бекітеді;

есептік халық саны 100 мыңға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын (негізгі ережелерін қоса алғанда) бекітеді;



1. Қаланы дамыту бас жоспарының жобасын (негізгі ережелерін қоса алғанда) мақұлдайды;

1-1) Заңнамада белгіленген тәртіппен қала ықпал ету аймағына жатқызылған іргелес аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандарды жоспарлау жобасын) бекітеді;

2) Қала әкімдігі ұсынған қаланы абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

2-1) Қала әкімдігі ұсынған қала шекарасы шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл желектерді құру, күтіп ұстау және қорғау қағидаларын бекітеді;

Қалалық мәслихаттардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті

3) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен келісілген тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды және инженерлік коммуникацияларды күтіп ұстау қағидаларын бекітеді;

4) Қалалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін қорғау және күтіп ұстау жөніндегі аумақтық қағидаларды белгілейді;

5) Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларын уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді.



Халқының саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының қала және қала маңы аймағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті:

1) Қаланың бас жоспарының жобасын мақұлдайды;

2) Қалаға іргелес, заңнамада белгіленген тәртіппен қаланың ықпал ету аймағына жатқызылған аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасының (аудандарды жоспарлау жобасының) жобасын мақұлдайды;

3) Қала мен қала маңы аймағын абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды және инженерлік коммуникацияларды күтіп ұстау қағидаларын бекітеді.

ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА
XX ЖЫЛ

Халқының саны 100 мыңға дейінгі облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының қала және қала маңы аймағындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

Қаланың бас жоспарының жобасын (негізгі ережелерін қоса алғанда), сондай-ақ қалаға іргелес, заңнамада белгіленген тәртіппен қаланың ықпал ету аймағына жатқызылған аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасының (аудандарды жоспарлау жобасының) жобасын мақұлдайды;

Қала мен қала маңы аймағын абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды және инженерлік коммуникацияларды күтіп ұстау қағидаларын бекітеді.



Аудандық мәслихаттардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті:

1) Аудандық маңызы бар қалалар мен кенттердің бас жоспарларын, сондай-ақ есептік халық саны 5 мыңға дейінгі ауылдық елді мекендерді дамыту және салу схемаларын (оңайлатылған бас жоспарларды) бекітеді;

2) Қала құрылысы жобаларын, сондай-ақ инженерлік қамтамасыз ету және коммуникациялар схемаларын бекітеді.

Облыс әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті

Облыс аумақтарын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасын (облыстың немесе оның бір бөлігінің аудандарын жоспарлау жобасын), сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

Халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну мақсатында облыстық мәслихаттың қарауына енгізеді;

Объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізеді;

Облыс аумағында сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысына жәрдемдеседі;

Жобалау құжаттамасының сапасына бақылау жүргізуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

Облыстық мәслихат мақұлдаған, халық саны 100 мыңнан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;

Ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандарды жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихаттар мақұлдаған, халық саны 100 мыңға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын бекіту үшін облыстық мәслихатқа ұсынады;

Аумақтарды абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникациялар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау және күтіп ұстау қағидаларын бекіту үшін облыстық мәслихатқа ұсынады;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында лицензиялауды жүзеге асырады;

Облыс елді мекендерінің шекаралары шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл желектерді құру, күтіп ұстау және қорғау қағидаларын бекіту үшін облыстық мәслихатқа ұсынады;

Қала құраушы факторларға байланысты ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын белгілеу немесе өзгерту жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық мәслихатқа ұсыныстар енгізеді;

Республикалық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларын облыс аумағы, резервтік аумақтар, қала маңы аймағы және қаланың ықпал ету аймағына заңды түрде жатқызылған басқа аумақтар есебінен дамыту бөлігінде келіседі;

Облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын келіседі;

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат пен мәліметтер ұсынады;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару ұйымдарын аккредиттейді;

Аумақты жоспарлы құрылыс салу немесе қала құрылысына қатысты өзге де өзгерістер туралы халықты хабардар етеді;

Елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын, қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемаларын және жоспарлау жобаларын дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын (егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын) бекітеді және іске асырады;

Аумаққа құрылыс салу, ғимараттар мен құрылыстарды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, бейінін өзгерту), реставрациялау және күрделі жөндеу, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу, аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, сондай-ақ облыстық маңызы бар объектілерді пайдаланудан кейінгі кәдеге жарату жұмыстарын жүргізу туралы шешімдер қабылдайды;

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттайды;

Республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің ведомстволық бағынысты аумақ шекараларындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті:

- Ведомстволық бағынысты аумақта мемлекеттік сәулет және қала құрылысы саясатын жүзеге асырады;
- Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қаланың бас жоспарын және қаланың ықпал ету аймағына жатқызылған іргелес аумақтарды қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандарды жоспарлау жобасын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- Қаланың бас жоспарының жобасын, қала шекарасы мен қала маңы аймағының шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын, сондай-ақ қалаға әкімшілік бағыныстылыққа берілген аудандар мен елді мекендердің шекараларын белгілеу жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және қалалық мәслихаттың мақұлдауына ұсынады;
- Қаланың бас жоспарының жобасын бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;
- Қала құрылысы құжаттамасын бекіту үшін қалалық мәслихатқа ұсынады;
- Ведомстволық бағынысты аумақты абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету жөніндегі қалалық қағидаларды бекіту үшін қалалық мәслихатқа ұсынады;
- Қала шекарасы шегінде Қазақстан Республикасының орман қорына кірмейтін жасыл желектерді құру, күтіп ұстау және қорғау қағидаларын бекіту үшін қалалық мәслихатқа ұсынады;
- Тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды және қалалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау мен күтіп ұстау қағидаларын белгілеу жөнінде қалалық мәслихатқа ұсыныстар енгізеді;

- Аумаққа жоспарланып отырған құрылыс немесе қала құрылысына қатысты өзге де өзгерістер туралы халықты хабардар етеді;
- Қаланың және қала маңы аймағының бекітілген бас жоспарын, қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасын және жоспарлау жобаларын дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын бекітеді және іске асырады;
- Табиғи апаттарға (су тасқыны, жер сілкінісі, сел, көшкін және қар көшкіні) ұшырау қаупін ескере отырып, ведомстволық бағыныстағы аумақта құрылыс салу немесе өзге де қала құрылысы мақсатында жер учаскелерін таңдау, беру және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;
- Табиғи апаттар қаупін ескере отырып, аумаққа құрылыс салу, ғимараттар мен құрылыстарды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, бейінін өзгерту), реставрациялау және күрделі жөндеу, инженерлік және көлік коммуникацияларын дамыту, аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, сондай-ақ қалалық маңызы бар объектілерді пайдаланудан кейінгі кәдеге жарату жұмыстары туралы шешімдер қабылдайды;
- Мүгедектігі бар адамдардың қолжетімділігін қамтамасыз етуді міндетті түрде ескере отырып, объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алады;
- Облыс аумағындағы сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысына жәрдемдеседі;
- Тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды ұйымдастырады және олардың нормативтік талаптарға сай күтіп ұсталуын, пайдаланылуын және эксплуатациялануын бақылайды.

Аудан әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті

- Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағын қала құрылыстық жоспарлаудың кешенді схемасын (ауданды жоспарлау жобасын) және ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат пен мәліметтер ұсынады;
- Аумаққа жоспарланып отырған құрылыс немесе қала құрылысына қатысты өзге де өзгерістер туралы халықты хабардар етеді;
- Құрылыс салу, аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, сондай-ақ аудандық маңызы бар объектілерді пайдаланудан кейінгі кәдеге жарату жұмыстары туралы шешімдер қабылдайды;
- Объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін және пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алады;
- Тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, аудандық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды ұйымдастырады және олардың күтіп ұсталуын, пайдаланылуын және эксплуатациялануын бақылайды;





• Аудан аумағының қала құрылысын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және басқа да ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды бекіту үшін аудандық мәслихатқа ұсыну;
• Елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақты дамыту схемаларын) іске асыру мақсатында әзірленетін қала құрылысы жобаларын жүзеге асыру;
• Жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілер мен кешендердің құрылысына арналған жобалау алдындағы және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттаманы қарау және бекіту;
• Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салынып жатқан (салынуы жоспарланған) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;
• Қарамағындағы аумақта құрылыс салу немесе өзге де қала құрылысы мақсатында игеру үшін жер учаскелерін таңдау, беру, ал заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою туралы шешімдер қабылдау;
• Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реконструкциялау туралы шешім қабылдау;
• Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар

Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелері болып табылады және мынадай түрлерге бөлінеді:

1) Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) органдар:

- сәулет және қала құрылысы;
- құрылыс (бірыңғай тапсырыс беруші қызметі);
- мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және қадағалауы.

2) Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) органдар:

- сәулет және қала құрылысы;
- құрылыс (бірыңғай тапсырыс беруші қызметі).



Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша қалалардың бас сәулетшілері болып табылады.

Ауданның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша аудандардың бас сәулетшілері болып табылады.





Техникалық реттеу және стандарттау объектілері

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы техникалық реттеу және стандарттау объектілеріне ғимараттар, құрылыстар, оларды жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру, кеңейту, күрделі жөндеу және пайдалану процестері, сондай-ақ құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары жатады.

Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында орналасқан, сондай-ақ республикалық индустрияландыру картасына енгізілген өнеркәсіптік кәсіпорындардың объектілерін жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру, кеңейту, күрделі жөндеу және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес халықаралық құрылыс нормалары мен қағидаларын, сондай-ақ халықаралық, өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдануға рұқсат етіледі.

Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында орналасқан, сондай-ақ республикалық индустрияландыру картасына енгізілген объектілерді салу кезінде Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес халықаралық құрылыс нормалары мен қағидаларының, сондай-ақ халықаралық, өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарының талаптарына сәйкес келетін құрылыс материалдары мен конструкцияларын қолдануға рұқсат етіледі.



Құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар



Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін жобалау құрылыстардың адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Құрылыстарды жобалау кезінде өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде, соның ішінде қалыпты пайдалану, төтенше жағдайлар, құрылыс-монтаж жұмыстары кезіндегі ықтимал бұзушылықтар және рұқсат етілмеген құрылыс жағдайларында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға төнетін барлық ықтимал тәуекелдер анықталып, ескерілуі тиіс.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде құрылыс салушы жобалық құжаттамада белгіленген қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға және құрылыстың әртүрлі кезеңдерінде олардың орындалуын бақылау мен қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.






Салынып жатқан құрылыстар белгіленген нормаларға сәйкес басқа объектілерден қажетті қашықтықта орналасуы тиіс.

Құрылыстарды салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша құрылыс мердігерлігі шартын жасасу кезінде тапсырыс берушілер шартта техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық регламенттер мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын көрсетуі тиіс.

Жоғары қауіптілік аймақтары болып табылатын құрылыс объектілерінде тапсырыс беруші мен мердігер құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру мүмкіндігін болдырмауға міндетті.





Құрылыстарды жобалау және салу кезінде мынадай құбылыстарға әкелуі мүмкін жүктемелерді ескеру қажет:

1) бүкіл құрылыстың немесе оның бір бөлігінің қирауы;

2) рұқсат етілмейтін шамадағы деформацияның пайда болуы;

3) көтергіш элементтердің едәуір деформациялануы салдарынан құрылыстың басқа бөліктерінің немесе оның ішінде орналасқан қондырғылар мен жабдықтардың зақымдануы;

4) бастапқы себепке сәйкес келмейтін кездейсоқ оқиғалардан туындайтын залал.

Құрылыстар өрт болған жағдайда төмендегі талаптар орындалатындай етіп жобаланып, салынуы тиіс:


1) көтергіш элементтердің беріктігі белгілі бір уақыт ішінде сақталуы;

2) құрылыс ішінде өрт пен түтіннің пайда болуы мен таралуын шектеу;

3) адамдардың, оның ішінде қозғалысы шектеулі халық топтарының да, апаттық шығу жолдары арқылы дереу эвакуациялануын қамтамасыз ету;

4) құтқару топтарының өрт шыққан жерлерге қауіпсіз қол жеткізуін қамтамасыз ету.





Құрылыстар адам гигиенасы мен денсаулығына қауіп төндірмейтіндей етіп жобаланып, салынуы тиіс. Атап айтқанда, мынадай жағдайларға жол берілмеуі керек:

1) улы газдар мен басқа да зиянды химиялық заттардың бөлінуі;

2) ауада қауіпті бөлшектердің немесе газдардың болуы;

3) қауіпті радиацияның таралуы;

4) судың немесе топырақтың ластануы не залалдануы;

5) судың, түтіннің, қатты немесе сұйық қалдықтардың бөлінуіне байланысты бұзушылықтардың болуы;

6) құрылыстың бөліктерінде немесе ішкі беттерінде ылғалдың болуы.







Құрылыстар оларды пайдалану кезінде сырғанау, құлау, соғылу, күйіп қалу, электр тогының соғуы және жарылыс салдарынан жарақат алу сияқты жазатайым оқиғалардың жол берілмейтін қаупін тудырмайтындай етіп жобаланып, салынуы тиіс.

Құрылыстың дыбыс оқшаулауы адам өмірі мен денсаулығына жол берілмейтін қауіп төндірмейтіндей етіп жобаланып, орындалуы тиіс.

Құрылыс, сондай-ақ оның жылыту, салқындату және желдету жүйелері жергілікті климаттық жағдайларды ескере отырып, адамдардың денсаулығына зиян келтірмей, құрылысты пайдалануға қажетті энергия шығыны қалыпты деңгейде қалатындай етіп жобаланып, салынуы тиіс.



Құрылыс материалдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Құрылыс материалдары қауіпсіздіктің міндетті талаптарының кешенін, соның ішінде радиациялық және химиялық қауіпсіздік нормаларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Бұл талаптар экономикалық аспектілерді ескере отырып, пайдалануға жарамды және пайдалану кезінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін құрылыстарды салуға мүмкіндік береді.






Инженерлік ізденістердің нәтижелері мен жобалық құжаттамаға қойылатын талаптар

Инженерлік ізденістердің нәтижелері сенімді болуы және құрылыс объектісінің жобалық параметрлері мен басқа да жобалық сипаттамаларының мәндерін, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобаланатын шараларды белгілеуге қажетті көлемде орындалуы тиіс.

Инженерлік ізденістер нәтижелерінің құрамындағы есептік деректер инженерлік ізденістерді орындайтын тұлғамен негізделуі және объектіні салу мен пайдалану барысында олардың мәндерінің өзгеру болжамын қамтуы тиіс.

Объект параметрлері мен басқа да сипаттамаларының жобалық мәндерінің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобаланатын шаралар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының осы Заңы мен өзге де нормативтік және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сілтеме жасау арқылы негізделуі тиіс.





Көрсетілген талаптар болмаған жағдайда ғимараттың немесе құрылыстың жобалық мәндері мен сипаттамаларының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобаланатын шаралар төмендегі бір немесе бірнеше тәсілмен негізделуі тиіс:


1) зерттеу нәтижелері;

2) сертификатталған немесе басқа тәсілмен сынақтан өткен әдістемелер бойынша орындалған есептеулер және (немесе) сынақтар;

3) қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың және (немесе) техногендік әсерлердің, соның ішінде олардың қолайсыз үйлесуі жағдайындағы сценарийлерін модельдеу;

4) қауіпті табиғи процестер мен құбылыстардың және (немесе) техногендік әсерлердің туындау тәуекелін бағалау.

Негіздеу кезінде инженерлік ізденістердің нәтижелері ескерілуі тиіс.





Бақылау сұрақтары:

1. Құрылыстарға қойылатын қауіпсіздік талаптарын атаңыз.
2. Құрылыс материалдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды атаңыз.
3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы реттеуді, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік басқару органдарын атаңыз.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті неден тұрады?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңы (2020 жылғы 2 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Груздев В. М. Елді мекендерді қала құрылысы негіздері және жоспарлау [Мәтін]: оқу құралы / В. М. Груздев; Нижний Новгород мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті. – Нижний Новгород: ННГАСУ, 2017. – 105 б.: ил. ISBN 978-5-528-00247-7.
3. Бочаров Р. П., Кудрявцев О. К. Қазіргі қаланың жоспарлау құрылымы. – М.: Стройиздат, 1972. – 178 б.
4. Тосунова М. И. Қаланың кеңістіктік ұйымдастырылуы. – М., 1975. – 126 б.
5. Степанов В. К. және т.б. Елді мекендерді жоспарлау негіздері. – М.: Жоғары мектеп, 1985. – 136 б.